



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары**

2022 жылғы 15 сәуірдегі № ДЗ-135 сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі Сіздердің 2022 жылғы 15 сәуірде жарияланған қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарындағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамауға қатысты сауалдарыңызға сәйкес, келесіні хабарлайды.

Полигондардың қызметіне қатысты.

Бүгінгі күні Қазақстанда 3005 қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) полигоны бар, олардың 635-і (21%) экологиялық және санитариялық нормаларға сәйкес келеді. 2021 жылы бұл көрсеткіш 603-ті (20%) құрады.

Экологиялық және санитариялық нормаларға сәйкес келетін полигондардың ең аз үлесі Павлодар облысында – 4 (полигондардың жалпы санының 1,25%), Батыс Қазақстан облысында – 2 (1,36%) және Солтүстік Қазақстан облысында – 16 полигон (3,51 %) байқалады.

Денсаулық сақтау министрлігі 2021 жылы 8 полигонның қызметін тексерді, 7 объектіде бұзушылықтар анықталды, жалпы сомасы 1137630 теңгеге әкімшілік айыппұлдар салды. Тексерулермен қамтудың төмендігі карантиндік және шектеу іс-шараларына байланысты.

Полигондар жылына 1 рет тексеру жиілігімен эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатады. 2022 жылдың екінші жартыжылдығында 114 полигонды тексеру жоспарланған.

Полигондарға қойылатын талаптарды сақтау шеңберінде Экология министрлігі 2021 жылы 43 тексеру жүргізді, оның нәтижелері бойынша жалпы сомасы 8,9 млн.теңгеге 73 әкімшілік айыппұл салынды.

«Көкше Тазалық» ЖШС полигонының заңсыз қызметіне қатысты.

2021 жылы Экология министрлігі «Көкше Тазалық» ЖШС-не қатысты ҚТҚ-ның ескі полигонында қалдықтарды рұқсатсыз орналастыру фактісі бойынша тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижелері бойынша айыппұлдар салынды, полигонға қалдықтарды шығаруға тыйым салу туралы нұсқама берілді, қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу туралы сотқа талап арыз жіберілді. Сот шешімімен талап қанағаттандырылды.

Қазіргі уақытта Ақмола облысының әкімдігі Көкшетау қаласында ҚТҚ полигонын салу үшін жер учаскесін ресімдеу және техникалық-экономикалық негіздемені түзету бойынша жұмыстар жүргізуде.

«Горизонт-2012» ЖШС полигонын және Қостанай облысы аумағындағы ет өңдеу өнеркәсібі объектілерін тексеруге қатысты.

Биологиялық қалдықтармен жұмыс істеу тәртібін ветеринария саласындағы уәкілетті орган айқындайды (ҚР Экология кодексінің 378-бабының 2-тармағы).

Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 16-07/307 бұйрығымен бекітілген «Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

Ветеринарлық қызмет прокуратура, экология өкілдерімен бірлесіп, ағымдағы жылдың наурыз айында «Горизонт-2012» ЖШС полигонын тексерді, оның нәтижелері бойынша биологиялық қалдықтарды орналастыру анықталған жоқ. Өтініштің негізінде экология департаменті «Горизонт-2012» ЖШС-ға қатысты тексеру тағайындады.

Өз кезегінде, ветеринария және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметтері «КостанайАгроПродукт» ЖШС және «Север-Ет» ЖШС қатысты тексеру іс-шараларын жүргізуде.

Сонымен қатар, Қостанай облысының ветеринариялық қызметі «Қарасу-Ет» ЖШС, «BEEFSTREAM» ЖШС, «Тобыл 2021» ЖШС, «Альтенгоф А.К.» ЖК, «Бурачков А. М.» ЖК-ға қатысты тексерулер тағайындау мәселесін қарастыруда.

Қостанай ауданының әкімдігі ет өңдеу кәсіпорындарының иелерімен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Алматы облысы Өтеген батыр ауылындағы жергілікті зират аумағында табиғи қоқыстың таралуына қатысты.

2022 жылдың сәуір айынан бастап Энергетикалық ауылдық округінің әкімдігі зират аумағындағы құрылыс қоқыстарын жою жұмыстарын бастады. Бүгінгі таңда қалдықтар толығымен жойылды.

Семей қ. қалдықтар полигонына қатысты.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі ЕҚҚДБ-мен бірлесіп «Өскемен және Семей қалаларында қатты-тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобалардың түпкілікті құны ЖСҚ әзірленгеннен және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін айқындалатын болады. Конкурстық рәсімдердің басталуы Семей қаласында ағымдағы жылдың маусым айында жоспарланған.

Денсаулыққа келтірілген залал үшін халыққа өтемақы төлеуге қатысты.

Бүгінгі күні республикада полигон қызметінен халықтың денсаулығына теріс әсер ететіндігі туралы ғылыми расталған деректер жоқ.

Бұл ретте өтемақы төлеу мәселесі азаматтық-құқықтық қатынастар шеңберінде дәлелді негіз болған жағдайда шешіледі.

Тұтастай алғанда, полигондардың қызметін бақылау жөніндегі жұмыс халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнама шеңберінде жалғастырылатын болады.

Сіздердің сауалдарыңыздың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қарауында жатқанын, оның нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы қосымша хабарланатынын хабарлаймыз.

Р. Скляр



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан***На № ДЗ-135 от 15 апреля 2022 года***Уважаемые депутаты!**

Правительство Республики Казахстан в соответствии с Вашим запросом, оглашенным 15 апреля 2022 года касательно несоблюдения санитарно-эпидемиологических требований на полигонах твердых бытовых отходов, сообщает следующее.

Касательно деятельности полигонов.

На сегодняшний день в Казахстане имеются 3005 полигонов твердых бытовых отходов (далее – ТБО), из них соответствуют экологическим и санитарным нормам – 635 (21 %). В 2021 году данный показатель составлял 603 (20 %).

Наименьшая доля полигонов, соответствующих экологическим и санитарным нормам, отмечается в Павлодарской – 4 (1,25% от общего количества полигонов), Западно-Казахстанской – 2 (1,36%), и Северо-Казахстанской – 16 полигонов (3,51 %) областях.

Министерством здравоохранения РК (далее – МЗ) в 2021 году проведена проверка деятельности 8 полигонов, выявлены нарушения на 7 объектах, наложены административные штрафы на общую сумму 1,1 млн. тенге. Низкий охват проверками связан с карантинными и ограничительными мероприятиями.

Полигоны относятся к объектам высокой эпидемической значимости с кратностью проверки 1 раз в год. Во втором полугодии 2022 года запланирована проверка 114 полигонов.

В рамках соблюдения требований к полигонам Министерством экологии, геологии и природных ресурсов РК (далее – МЭГПР) в 2021 году проведены 43 проверок, по результатам которого наложено 73 административных штрафов на общую сумму 8,9 млн. тенге.

Касательно незаконной деятельности полигона ТОО «Кокше Тазалык».

В 2021 году МЭГПР проведена проверка в отношении ТОО «Кокше Тазалык» по факту несанкционированного размещения отходов на старом полигоне ТБО.

По результатам проверки наложены штрафы, выдано предписание о запрете вывоза отходов на полигон, направлен иск в суд о возмещении ущерба причиненного окружающей среде. Решением суда иск был удовлетворен.

В настоящее время акиматом Акмолинской области ведутся работы по корректировке технико-экономического обоснования и оформлению земельного участка для строительства полигона ТБО в г. Кокшетау.

Касательно проверки полигона ТОО «Горизонт-2012» и объектов мясоперерабатывающей промышленности на территории Костанайской области.

Порядок обращения с биологическими отходами определяется уполномоченным органом в области ветеринарии (п.2 ст.378 Экологического кодекса РК).

Утилизация биологических отходов осуществляется в соответствии «Правил утилизации, уничтожения биологических отходов» утвержденный Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 6 апреля 2015 года № 16-07/307.

Ветеринарной службой Министерства сельского хозяйства РК (далее – МСХ) совместно с представителями прокуратуры, МЭГПР в марте текущего года произведено обследование полигона ТОО «Горизонт-2012», по результатам которого размещение биологических отходов не установлено. На основании обращения Департаментом экологии Костанайской области МЭГПР назначена проверка в отношении ТОО «Горизонт-2012».

В свою очередь, службами ветеринарии МСХ и санитарно-эпидемиологического контроля МЗ проводятся проверочные мероприятия в отношении ТОО «КостанайАгроПродукт» и ТОО «Север-Ет».

Так же, ветеринарной службой МСХ по Костанайской области рассматривается вопрос назначения проверок в отношении ТОО «Карасу-Ет», ТОО «BEEFSTREAM», ТОО «Тобол 2021», ИП «Альтенгоф А.К.», ИП «Бурачков А.М.».

Акиматом Костанайского района Костанайской области проведена информационно-разъяснительная работа с владельцами мясоперерабатывающих предприятий.

Касательно распространения стихийного мусора на территории местного кладбища с. Отеген батыр Алматинской области.

С апреля 2022 года акиматом Энергетического сельского округа начаты работы по ликвидации строительного мусора на территории кладбища. На сегодняшний день отходы полностью ликвидированы.

Касательно мусорного полигона в г. Семей.

Акиматом Восточно-Казахстанской области совместно с ЕБРР ведутся работы по реализации проекта «Модернизация системы управления твердыми бытовыми отходами в городах Усть-Каменогорск и Семей». Окончательная стоимость проектов будет определена после разработки ПСД и получения положительного заключения государственной экспертизы. Начало конкурсных процедур запланировано по г.Семей в июне т.г.

Касательно выплаты компенсации населению за нанесенный ущерб здоровью.

На сегодняшний день, в республике отсутствуют научно подтвержденные данные об отрицательном влиянии на здоровье населения от деятельности полигона.

При этом, вопрос выплаты компенсации решается в рамках гражданско-правовых отношений при наличии доказательной основы.

В целом, работа по контролю за деятельностью полигонов будет продолжена в рамках действующего законодательства в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения и охраны окружающей среды.

Данный запрос находится на рассмотрении в Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, о результатах и принятых мерах будет сообщено дополнительно.

Р. Скляр